Мәдениеттің семантикалық кеңістігі де, адам санасы да белгілі дәрежеде этникалық тілдің шекарасымен анықталады. Тіл мен мәдениеттің байланысы онтологиялық тұрғыдан анықталады, өйткені тіл мен мәдениет белгілер жиынтығы ретінде адамның оның коммуникативтік саласындағы психикалық әрекетінің нәтижесі болып табылады. «Тіл – мәдениет» байланысы білім беру мен алмасуға арналған сызықты емес лингвистикалық формат ретінде сән дискурсының лингвомәдениеттану форматында жүзеге асырылады. Тіл мен мәдениеттің арақатынасы мәселесі – философия мен әлеуметтанудан бастап этнолингвистика мен лингвомәдениетологияға дейінгі бірнеше ғылымдардың күш-жігерімен ғана шешілетін пәнаралық мәселе. Сондықтан лингвомәдениеттану пәнаралық ғылым болып табылады. Заманауи сән үлгісіндегі мәтіндерді аудару барысында тілдің және мәдени айырмашылықтарға байланысты қиындықтар туындайды, себебі мәдениет адамды қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Лингвомәдениеттану – тіл білімі мен мәдениеттану ғылымдарының тоғысында пайда болып, тілде көрініс тауып, орныққан халық мәдениетінің көріністерін зерттейтейді. [6, 201б.]

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

1. Алдашева А. Аударматану ғылымының басты ұғым-түсініктері туралы, Алматы, «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы, 2008 [1, 115б.]
2. Ахметова О.С. «Лингвистикалық-терминдер сөздігі» – Алматы.: 2012. [2,125б.]
3. Алдашева А.М. «Ағылшын тіліндегі мәтіндерді қазақ тіліне аударудың кейбір трансформациялық модельдері» – 2009. [3,147б.]
4. Алдашева А. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. –Алматы: Арыс, 1998. – [4, 215 б.]
5. https://www.cosmopolitan.com/
6. Тікенбай Г. Аударма лингвистикалық зерттеу нысаны ретінде және оның лингвомәдени мәселелері. Алматы, 2012[6, 201б.]
7. С. Менкес «Suzy Menkes: Those Fabulous Fifties!» мақаласы

УДК 81.25

Zhumash Zh.,
4th course student «5B020726 – Translation studies», KazUIRandWL, Almaty, Kazakhstan
e-mail: zhansayaertaikyzy@gmail.com
Scientific supervisor Chitebayeva S.Zh.

THE WAYS OF ACHIEVING ADEQUACY IN TRANSLATING ENGLISH TEXTS

This article considers the significance of adequacy in translating texts into Kazakh language, and the ways of achieving it. In a world where integration into the world community is more relevant than ever, special attention is paid to the issue of adequate translation of socio-political texts in English, international language widespread across the world. The features of adequate socio-political translation that needs to be taken into account, the translation transformations that help to achieve it, and some classifications of scholars are mentioned. Translation transformations and their use in socio-political translation are considered.

Keywords: adequacy, adequate translation, socio-political texts, translation transformations.

Жумаш Ж.,
студентка 4 курса, «5B020726 – Переводческое дело», КазУМОиМЯ, Алматы, Қазахстан
e-mail: zhansayaertaikyzy@gmail.com
Науч.рук.: м.п.д., ст.преп.Читебаева С.Ж.

СПОСОБЫ ДОСТИЖЕНИЯ АДЕКВАТНОСТИ ПРИ ПЕРЕВОДЕ АНГЛОЯЗЫЧНЫХ ТЕКСТОВ

В данной статье рассматривается важность адекватности при переводе текстов на английском языке на казахский язык и пути ее достижения. В мире, где интеграция в мировое сообщество актуальна как никогда, особое внимание уделяется вопросам адекватного перевода социально-политических текстов на английском языке, международного языка, широко распространенного во всем мире. Приведены особенности адекватного общественно-политического перевода, которые необходимо учитывать, переводческие трансформации, способствующие его достижению, и некоторые классификации ученых. Рассматриваются переводческие трансформации и их применение в общественно-политическом переводе.

Ключевые слова: адекватность, адекватный перевод, социально-политические тексты, переводческие трансформации.

Заманауи аударма теориясындағы маңызды ұғымдардың бірі – аударма адекваттылығы. Адекваттылық аударманың сапасын анықтайтын фактордың бірі. Сол адекваттылыққа қол жеткізу аударманың басты мақсаты. Аударманың сан түрлілігі әрқайсысының өзіндік ерекшеліктерімен сипатталады. Күннен-күнге дамып жатқан жаһандану процессінде әлеуметтік-саяси мәтіндердің ерекше маңыздылығын ескеріп, әлеуметтік-саяси аудармадағы адекваттылыққа қол жеткізу мәселесі алға тартылды.

Әлеуметтік-саяси мәтіндер үгіт-насихат құралы болып табылады, және олар ақпаратпен қамтамасыз етіп, оқырманға белгілі-бір әсер қалдыруды көздейді. Әлеуметтік-саяси аударманың әлемдік қауымдастыққа интеграция, яғни ену үдерісі өзекті заманда маңызы зор. Халықаралық қатынастардың оң сипатқа ие болуына аударманың қосатын үлесі зор екендігі анық. Әрине, аударма алға қойылған мақсат, яғни аударма адекваттылығына қол жеткізгенде ғана. Аударма адекватты болуы үшін аударманың жалпы талаптары, яғни лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлардың ескерілуі, аударылуы тиіс мәтіннің жанрлық әрі стилистикалық ерекшеліктерінің тыс қалмауы, сондай-ақ, адекватты аударманы анықтайтын критерийлер орындалуы керек. Адекватты аударма деп аудармашының қолданған әдістері орын алып отырған коммуникативті жағдайға сай келуін және семантикалық мағынасы бірдей сөздердің эквиваленттілігінің мүмкіндігінше сақталуын, түпнұсқа мәтінінің мағынасы мен оның авторының интенциясы дұрыс берілуін айтамыз. Әлеуметтік-саяси аударма да аударманың адекваттылығы ең алғы мақсат болып табылады. Адекваттылықтың талаптары орындалған әлеуметтік-саяси аударма өзінің міндетін орындайды, яғни тіларалық коммуникацияда еш кедергі болмайды. Адекватты әлеуметтік-саяси аударманы жүзеге асыру үшін, әлеуметтік-саяси мәтіндерге тән саяси бағыт пен әлеуметтік бағыт айқын көрініс табылып, эмоционалды реңкке ие элементтер, аударманы қабылдаушы, яғни оқырманға түпнұсқа мәтініндегідей әсер қалдырады. Бұндай мәтіндердің ақпаратты жеткізу қызметіне де көңіл бөлген маңызды. Стратегия адекватты аудармаға қол жеткізуде үлкен маңызға ие. Себебі, әлеуметтік-саяси аударма күрделі процесс, мысалы түпнұсқа мәтінін аудару үшін аудармашы түпнұсқаға сәйкес келетін лексиканы қолдануы қажет, ал бұндай кезде тек контекстті түсіну мен аялық бөлімді іске қосып қана қоймай, түпнұсқаның стилистикасын да сақтап қалу міндетін қатар алып жүруі қажет. Ол үшін түпнұсқа тілінде қолданылған стилистикалық элементтерінің мағынасын түсіну жеткіліксіз, аударма тілінде оған сәйкес келетін бейнелеу құралдарын таба білу керек.

Адекватты әлеуметтік-саяси аударманы жүзеге асыруда жіберілетін қателіктердің көбісі аудармашының түпнұсқа мәтіннің жалпы мағынасын, яғни негізгі идеясын түсінбеуінен басталады. Мәтінді толық, оның әрбір элементін түсінген аудармашы адекватты аудармаға үлкен қадам жасады деуге болады, лексикалық және стилистикалық элементтердің тілдік сәйкестігі екінші қол жеткізілуі керек деңгей. Осылайша, адекватты әлеуметтік-саяси аударманың сипаты анықталады. Ал, адекватты аударманы жүзеге асыруға көмектесетін стратегия ол аударма трансформациялары (түрлендірулер). Аудармада адекваттылыққа қол жеткізуде аудармашының басты мақсаты осы аударма трансформацияларын ақпаратты барынша толық түрде беріп, екі тілдің нормаларын сақтай отырып, ұтымды қолдана білу.

Аударма трансформациялары, яғни түрлендірулері дегеніміз аударма мәтінінде жеткізілуі керек ақпараттың сақталып, түпнұсқа мәтінінің компоненттерін лексикалық, грамматикалық және мағыналық тұрғыдан өзгеріске ұшырату болып табылады. Аударма теориясының маманы Л. С. Бархударов аударма трансформациялары жөнінде былай дейді: «Екі тілдегі формалды және семантикалық жүйедегі өзгерістерге қарамастан, аударма эквиваленттігіне («аударма адекваттылығына») қол жеткізу аудармашыдан ең бірінші кезекте көп рет және сапалы түрде әртүрлі тіларалық түрлендірулер – аударма трансформацияларын жасай білуін талап етеді. Яғни, аударма мәтіні түпнұсқа мәтініндегі аударма тілінің нормаларын қатаң сақтай отырып ақпаратты мүмкіндігінше толық жеткізу мақсатында» [1, 190]. (аударған Жұмаш Ж.) Аударма трансформацияларының түрлері айтарлықтай көп, ғалымдардың оларды классификациялауы да әртүрлі болып келеді. Л. С. Бархударов оларды төрт түрге жіктейді:

1) «орын ауыстыру
2) алмастыру
3) толықтыру
4) алып тастау» [1, 190]. (аударған Жұмаш Ж.)

Кеңес одағының лингвисті, аудармашы И. Я. Рецкер аударма трансформацияларын екіге бөліп қарастырады:

- «сөз табын не сөйлем мүшелерін алмастыру түріндегі грамматикалық трансформациялар;
- нақтылауды, жалпылауды, мағыналардың дифференциациясын, антонимикалық аударманы, аударма процессінде жоғалған бірліктерді компенсациялауды, сондай-ақ мағыналық дамыту мен толығымен қайта өзгертуді қамтитын лексикалық трансформациялар» [2, 45]. (аударған Жұмаш Ж.)

Ал аударма саласының маманы В. Н. Комиссаров аударма трансформацияларына мынадай анықтама береді де оларды үшке бөледі: «Түпнұсқа бірліктерін аударма бірліктеріне берілген мағынаға сәйкес ауыстыруға көмектесетін түрлендірулер аударма (тіларалық) трансформациялар деп аталады...Аударма процесін сипаттау шеңберінде аударма трансформациялары түпнұсқа тілінің бірліктері мен оның сөздіктегі сәйкес келетін сөздерінің ара-қатынасына талдау құралы ретінде статикалық тұрғыдан қарастырылмайды, аудармашы сөздіктен сәйкес сөз таба алмаған кезде не контексттік жағдайға байланысты оларды қолдану мүмкін емес кезде әртүрлі түпнұсқа мәтіндерді аударуда қолданатын аударма тәсілдері ретінде динамикалық тұрғыдан қарастырылады» [3,172]. (аударған Жұмаш Ж.) В. Н. Комиссаровтың аударма трансформацияларын

1) «лексикалық трансформациялар
- транскрипция
- транслитерация
- калька
- лексико-семантикалық алмастырулар (нақтылау, жалпылау, модуляция)

2) грамматикалық трансформациялар
- сөзбе-сөз аударма
- сөйлемді бөлу
- сөйлемдерді қосу
- грамматикалық алмастырулар (сөз тұлғасын, сөз табын, сөйлем мүшесін)

3) лексико-грамматикалық трансформациялар
- антонимикалық аударма
- сипаттау
- компенсация» деп үшке бөледі [3,172-173]. (аударған Жұмаш Ж.)

Бұл классификациялардан байқайтынымыз ғалымдар трансформацияның лексикалық және грамматикалық деп бөлінетініне келіседі. Бір маңыздысы, аударма барысында тек бір трансформацияның ғана орын алуы өте сирек. Аударма трансформациялары күрделі құбылыс, осы себепті олар бір-бірімен байланысып, бір трансформация екіншісіне ұласатын жағдайлар аз емес. Лексико-грамматикалық трансформациялардың орын алуы осыдан білінеді. Лингвист Вилен Наумович Комиссаровтың классификациясы трансформацияларды жан-жақты әрі жете қамтиды. Филология ғылымының докторы Л. С. Бархударовтың классификациясындағы толықтыру мен түсіру трансформациялары да аударма барысында орын алатын әдіс түрлері болғандықтан, негізінен В. Н. Комиссаров пен Л. С Бархударовтың типологиялары қарастырылды.

Әлеуметтік-саяси аудармада жоғарғы бөлімдерде көрсетілген әлеуметтік-саяси мәтіндердің ерекшеліктерін ескеріп, аударма трансформацияларының қалай орын алатынындығын бақылау мақсатында трансформация түрлеріне анықтама беріп, мысалдар келтірген жөн:

1. Транскрипция – түпнұсқа мәтініндегі лексикалық бірлікті аударма тіліндегі әріптерді қолданып оның дыбыстық формасын қайталау.

«Moreover, whereas the conflict in Libya has done little to erode stability in the ***Maghreb****, a war in Sudan would upend a precarious regional order»* [4].

«Оның үстіне, Ливиядағы қақтығыс ***Мағрибтағы*** *тұрақтылықты бұзғанымен, Судандағы соғыс аймақтық тәртіпке қауіп төндіреді»* [5].

2. Транслитерация – түпнұсқа мәтініндегі лексикалық бірлікті аударма тіліндегі әріптерді қолданып оның графикалық формасын қайталау.

«But, as the Afghan analyst ***Orzala Nemat*** *of the University of London's School of Oriental and African Studies recently put it, it is not right to withhold aid for the basic services – food, water, and healthcare – that keep those girls alive»* [6].

«Бірақ жақында Лондон университетінің Шығыстану және Африкатану мектебінің ауған сарапшысы ***Орзала Немат*** *айтқандай, қыздарды тірі қалдыратын негізгі қызметтерге – тамақ, су және денсаулық сақтау қызметтеріне көмек көрсетуден бас тарту дұрыс емес»* [7].

3. Калька – түпнұсқа мәтініндегі лексикалық бірлікті аударма тіліндегі мағынасы бірдей құрамдас бөліктермен ауыстыру.

*«The EU risks what I have called a «****strategic shrinkage****»* [8].

*«Еуропалық одаққа мен «****стратегиялық қысқару****» деп атаған нәрседен залал келеді»* [9].

4. Нақтылау – түпнұсқа мәтініндегі жалпы мағыналы лексикалық бірлікті аударма тіліндегі мағынасы тар лексикалық бірлікпен ауыстыру.

«The EU must integrate this fact into its policymaking, ***recognizing*** *that the competition for global standards is already playing out in the race for mastery over artificial intelligence, cloud computing, semiconductors, and biotechnology»* [8].

«Жасанды интеллект, бұлттық есептеулер, жартылай өткізгіштер және биотехнологияны игеру жөніндегі жаһандық стандарттарды белгілеуге бәсеке қазірдің өзінде жүріп жатқанын ***мойындауы*** *тиіс»* [9].

5. Жалпылау – нақтылаудың керісінше түрі, яғни мағынасы тар лексикалық бірлікті мағынасы кең лексикалық бірлікпен ауыстыру.

«Governments *and financial institutions must make the most of this fresh opportunity: there can be no more excuses»* [6].

«Елдер *мен қаржы институттары жаңа мүмкіндікті барынша пайдалануы керек. Ендігі жерде шегінерге жол жоқ»* [7].

6. Модуляция – түпнұсқа мәтініндегі лексикалық бірлікті аударма мәтінінде логикалық түрде дамыту.

«Iran could re-enter the 2015 agreement and, while complying with it, ***accelerate*** *production of ballistic missiles (not covered by the pact) and, after 2030, dramatically expand its stockpile of enriched uranium»* [10].

«Иранның 2015 жылғы келісімге қайта кіруіне мүмкіндік бар. Мұндай жағдайда оны орындай отырып, баллистикалық зымырандарды (пактімен қамтылмаған) өндіруді жеделдетуіне ***ештеңе кедергі емес****. Сонымен қатар 2030 жылдан кейін байытылған уран қорын күрт ұлғайта алады»* [11].

7. Сөзбе-сөз аударма – түпнұсқа мәтініндегі синтаксистік құрылымның аударма мәтінінде ұқсас не бірдей болып берілуі.

«Sudanese protesters are not alone» [4].

«Судандық наразылық білдірушілер жалғыз емес» [5].

8. Сөйлемді бөлу – түпнұсқа мәтінінің синтаксистік құрылымы аударма мәтінінде екі не одан да көп сөйлемге бөлініп берілуі.

«Under President Joe Biden, the US has expressed its desire to re-enter the pact (negotiated while Biden was vice president) and has urged Iran to do the same» [10].

«Президент Джо Байден тұсында АҚШ пактіге қайта қосылуға ниет білдірді (Байден вице-президент болған кезде келіссөздер жүргізілді). Иранды да осындай қадамға баруға шақырды» [11].

9. Сөйлемдерді қосу – екі не одан да көп жай сөйлемдерді бір күрделі сөйлемге біріктіру.

«Putin views today's geopolitical landscape in much the same way. He worries that, since the collapse of the Soviet Union, Russia's western buffer has been reduced to Belarus» [12].

«В.Путин бүгінгі геосаяси жағдайға дәл осылай қарайды, ол Кеңес Одағы ыдырағалы Ресейдің батыстағы буферлік аймағы қысқарып, Беларусь қана қалды деп алаңдайды» [13].

10. Грамматикалық алмастырулар (сөз тұлғасын, сөз табын, сөйлем мүшесін) – түпнұсқадағы грамматикалық бірліктің аудармада басқа грамматикалық мағына беретін бірлікке ауысуы.

• «*On the left, seven* ***candidates*** *are playing a zero-sum game for no more than 25 per cent of the electorate»* [14].

«Солшылдар тарапынан додаға түсетін жеті ***кандидат*** *сайлаушылардың 25 пайызының қолдауына таласады»* [15]. *(сөз тұлғасы)*

• *«Macron, meanwhile, seems* ***content*** *to watch his challengers fight among themselves»* [14].

«Макрон басты қарсыластарының өзара саяси тартысына ***қанағаттанатын*** *сияқты»* [15]. *(сөз табы)*

• *«****Macron*** *also benefited from the growing radicalisation of both the left and the right»* [14].

«Осындай ерекше оқиғалардан бөлек, солшылдар мен оңшылдардың радикалдануының күшеюі де ***Макронның*** *оң жамбасына келді»* [15]. *(сөйлем мүшесі)*

11. Антонимикалық аударма – түпнұсқа мәтініндегі болымды форманы аудармада болымсыз формамен немесе болымсызды болымды формамен беру, яғни лексикалық бірліктің мағынасы керісінше мағынаға ауысуы.

«But America's interests in Sudan ***extend well beyond*** *securing support for Israel, and far exceed its interests in Libya»* [4].

*«Бірақ Американың Судандағы мүддесі Израильге қолдау көрсетумен **шектелмейді»*** [5].

12. Сипаттау – түпнұсқа мәтініндегі аударма мәтінінде эквиваленті жоқ лексикалық бірліктің мағынасын түсіндіретін сөздермен беру.

*«It lost that position when South Sudan **seceded** in 2011, taking 80% of the country's proven oil reserves with it»* [4].

*«2011 жылғы саяси оқиғадан кейін, яғни **Оңтүстік Судан бөлініп шыққаннан соң**, елдегі барланған мұнай қорының 80 пайызы көршілес елдің еншісіне бұйырды».* [5].

13. Компенсация – түпнұсқа мәтінін аударғанда дәл баламасы жоқ бірліктерді басқа тәсілмен аудару, бұл міндетті түрде бір сөйлемнің ішінде қолданылмайды, жалпы мәтін шеңберінде лексикалық бірліктің орны толтырылады.

***«Hollowing out the state**, on the other hand, is a recipe for suffering and instability»* [6].

***«Қаңырап қалған мемлекет**, керісінше, азап пен тұрақсыздықтың кілті»* [7].

14. Орын ауыстыру – түпнұсқа мәтініндегі сөйлем элементтерінің аударма мәтінінде тілдік ерекшеліктерге байланысты орны ауысуы.

«The world[1] needs to provide[2] the people of Afghanistan[3] the support they need[4]» [6].

«Әлем[1] Ауғанстан халқына[3] қажетті қолдауды[4] көрсетуі керек[2]» [7].

15. Толықтыру – түпнұсқа мәтінінде берілмеген элементті аударма тілінің ерекшеліктері не басқа да себептермен беру қажет жағдайында сөздерді қосу.

«Although the French presidential election is just two months away, it still feels as though the campaign hasn't really begun» [14].

*«Франциядағы президенттік сайлауға екі ай қалғанымен, **саяси** науқан әлі басталмаған секілді»* [15].

16. Алып тастау – түпнұсқа мәтініндегі сөздер аударма тілінде семантикалық тұрғыдан артық болған кезде сөздерді аудармай қалдырып кету.

*«Last year, **it was** al-Burhan and his associates in the military **who** backed the agreement to recognise the State of Israel and establish formal diplomatic ties»* [4].

Өткен жылы Бұрхан мен оның әскери қызметтегі серіктестері Израиль мемлекетін тану және ресми дипломатиялық байланыстар орнату туралы келісімді қолдады» [5].

Үгіт-насихат құралы болып табылатын әлеуметтік-саяси мәтіндерді адекватты аудару олардың бүгінгі қоғамдағы маңыздылығын ескерсек ерекше маңызға ие екендігі айтылды. Осылайша, әлеуметтік-саяси аудармадағы адекваттылыққа қол жеткізу үшін аударма трансформацияларын тиімді қолдана білу керек.

ӘДЕБИЕТ

1. Бархударов Л.С. Язык и перевод. – М., 1975. – 230 с.

2. Рецкер Я. И. Теория перевода и переводческая практика. Очерки лингвистической теории перевода/ Дополнения и комментарии Ермоловича. – 4-е изд., – М.: «Р. Валент», 2010. – 244 с.

3. Комиссаров В. Н. Теория перевода (лингвистические аспекты): Учеб для ин-тов и фак иностр яз /. – М..Высш.шк., 1990, – 253 с.

4. Is Sudan the Next Libya? [Электронды ресурс]. - Кіру режимі URL: https://bit.ly/3LVBBaK (қаралған күні 28.04.2022)

5. Судан Ливияның кебін кие ме? [Электронды ресурс]. - Кіру режимі URL: https://bit.ly/3FmUtgm (қаралған күні 28.04.2022)

6. Saving Afghanistan [Электронды ресурс]. - Кіру режимі URL: https://bit.ly/39L4jwL (қаралған күні 28.04.2022)

7. Ауғанстан көмекке мұқтаж [Электронды ресурс]. - Кіру режимі URL: https://bit.ly/392AzLy (қаралған күні 28.04.2022)

8. A Strategic Compass for Europe [Электронды ресурс]. - Кіру режимі URL: https://bit.ly/3M9gVfD (қаралған күні 29.04.2022)

9. Еуропаның стратегиялық компасы [Электронды ресурс]. - Кіру режимі URL: https://bit.ly/3vQ80tt (қаралған күні 29.04.2022)

10. Iran's Nuclear Choices and Ours [Электронды ресурс]. - Кіру режимі URL: https://bit.ly/3yjs1KC (қаралған күні 30.04.2022)

11. Иранның таңдауы [Электронды ресурс]. - Кіру режимі URL: https://bit.ly/3KUnKQq (қаралған күні 30.04.2022)
12. The West Must Accept Reality in Ukraine [Электронды ресурс]. - Кіру режимі URL: https://bit.ly/3FmVx3Q (қаралған күні 30.04.2022)
13. Батыс Украина шындығын қабылдауы қажет [Электронды ресурс]. Кіру режимі: https://bit.ly/3KU6f2W (қаралған күні 30.04.2022)
14. Waiting for Macron [Электронды ресурс]. Кіру режимі: https://bit.ly/3P4jGRe (қаралған күні 1.05.2022)
15. Макронды күту [Электронды ресурс]. Кіру режимі: https://bit.ly/3yBCL7B (қаралған күні 1.05.2022)

УДК 81.253

Ibrayeva A.,
Student of Ablai khan, KazUIRandWL,
Almaty, Kazakhstan, e-mail: anelibraeva777@mail.ru
Scientific supervisor: PhD Baidullaeva A.B.

SPECIFICS OF MODERN IT TERMS TRANSLATION

In this article discusses the features of translations in the field of information technology. In connection with the emergence of modern computer and telecommunications technology, with the help of appropriate digital audiovisual technologies, conducts the study of. The relevance of the research lies in the fact that the creation of terminology in the field of computer, telecommunication audiovisual technology, identification of processes and features of IT terminology allows, solving theoretical and applied problems of translation and learning of modern language.

Keywords: translator, translation, information technology, terms, skills, knowledge, skills.

Ибраева А.
КазУМОиМЯ им. Абылай хана
Алматы, Казахстан, e-mail: anelibraeva777@mail.ru
Ғылжетекшісі: PhD Байділдаева А.К.

ҚАЗІРГІ ТЕРМИНДЕРДІ АУДАРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бұл мақалада Ақпараттық технологиялар саласындағы аудармалардың ерекшеліктері қарастырылады. Заманауи компьютерлік және телекоммуникациялық технологиялардың пайда болуына байланысты тиісті сандық аудиовизуалды технологиялардың көмегімен зерттеу жүргізілуде. Зерттеудің өзектілігі компьютерлік, телекоммуникациялық технологиялар саласындағы терминологияны құру, IT терминологияның процестері мен ерекшеліктерін анықтау қазіргі тілді аудару мен зерттеудің теориялық және қолданбалы мәселелерін шешуге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: аудармашы, аударма, ақпараттық технологиялар, терминдер, дағдылар, білім.

Ақпараттық технологиялар XX ғасырдың ортасында пайда болғанына қарамастан, олар кейінірек ең үлкен даму мен қолдануды алды — және қазіргі уақытта олар біздің күнделікті өміріміздің барлық аспектілерін қамтиды. Қазіргі постиндустриалды қоғамымызда ғылым мен техниканың соңғы жетістіктерінсіз елестету қиын. Соңғы жылдары күрт жеделдеген ғылыми-техникалық прогресс көптеген елдерден келген ғалымдар мен техника саласындағы мамандар арасында тығыз байланысты және әрқайсысы тұрақты ақпарат алмасуға міндетті. Бұл алмасудың негізінде ғылыми-техникалық аударма жатыр. Барабар және сапалы ғылыми-техникалық аударма ақпарат алмасуды тездетеді және жеңілдетеді, осылайша ғылыми - техникалық білімнің дамуына, сондай-ақ ғылым мен техниканың белгілі бір саласындағы көптеген қолданбалы мәселелерді уақытылы шешуге ықпал етеді. Сондықтан ғылыми-техникалық аударма саласындағы барлық зерттеулер оның сенімділігі мен барабарлығына қол жеткізуге бағытталған.

Қазіргі ағылшын және қазақ тілдерінде IT-терминдердің қалыптасуының негізгі механизмдері.

Заманауи компьютерлік технологиялар мен халықаралық техникалық ақпарат тасымалы - дамыған және дамушы ел- дерде де негізгі құралға айналды . Олар үйде , мектепте, жоғары оқу орындарында, компанияларда , жұмыс орындарда және т.б. барлық акаде- миялық және академиялық емес бағыттарда да қолданылады. Осығын байланысты аудармашы барлық салаларды оқу қажет. Аудармашы үшін ақпараттық тех-нологияларды оның ішінде жаңа терминология , ағылшын тіліндегі бүктемелерді, техникалық терминдерді білу қажет.Бір мысалды келтіретін болсақ, көбінесе компьютердің нұсқаулары ағылшын тілінде шығарылады.Жалпы ақпараттық технологиялар саласы аудармада қиын салалрдың бір.Өйткені ақпараттық технологиялар – жаңа нәрселердің бірі. Аудармашы әрі салыстырмалы әдебиеттану профессоры Сюзан Бастеннің пікірінше : «1970 соңында аударматану пәнің оқи бастады ақпараттық технологиялар саласындағы аударма келесі бағыттарда аса қажет:

Компьютерлік ойындарды, қосымшаларды аудару.

Ойындарды локализациялау-бұл белгілі бір аймақта немесе елде сатуға ойынды бейімдеу процесі. Ол ойын мазмұнын аударуды қамтиды, бірақ онымен шектелмейді. Аудармашылар локализацияға кіріспес бұрын, олар ойынның глоссарий – сөздігін құрайды. Мұндай сөздік аударманы біріктіру үшін қажет: бірнеше аудармашылар локализациямен жиі жұмыс істейтіндіктен, сол сөзді аударудың әртүрлі нұсқалары жоққа шығарылмайды.

Сайттарды Локализациялау

Веб-сайтты жоғары деңгейде локализациялау үшін аудармашыда кем дегенде интернет-сайттардың қалай құрылатындығы және жылжуы туралы үстірт түсінік болуы керек. Онлайн ресурстармен жұмыс істеу белгілі бір тәжірибе мен білімді талап ететіндіктен, сайттарға арналған мәтіндерді аудару қызметі аударма қызметінің жеке түрі болып табылады және көбінесе аударма бюросы мен жеке аудармашылар сервистерінің тізбесінде толығымен дербес аударма түрі ретінде көрсетіледі.

Ақпараттық технологиялар саласындағы мақалалар мен пресс-релиздерді аудару

Бағдарламалық және аппараттық қамтамасыз ету жаңалықтарының шетелдік баспасөз релиздері үлкен қызығушылық тудырады, бұл өз кезегінде аудармашыдан компьютерлік нарықты дамытуға, IT-индустрия әлеміндегі әрбір нақты өндірушінің тарихында кең танымды талап етеді.

Нұсқаулықтар аудару

Бұлматериалдарды аудару аудармашының көп уақытын алады, өйткені олар, әдетте, өте әсерлі көлемге ие және көптеген күрделі терминдерге толы.

Көптеген жаңа ақпараттық-технологиялық, компьютерлік сөздер мен терминдер қазақ тілінің сөздік қорын байыта түседі. Бұл, әрине, аударма процесінде қиындықтар туғызады. Компьютер қолданушыларының терминдердің ағылшын тіліндегі нұсқасын қолдануының бір себебі-жаңа сөздердің қазақша баламасы қисынсыз, үйлесілмеген ұсқалардын шығуына байланысты. Мысалы, «adapter» сөзі «бейімдеуіш» деген баламасы бар Бірақ «adapter» ағылшын сөзінің дәлме- дәл аудармасына бар болғандықтан «бейімдеуіш» сөзі дұрыс аудармаға жатпайды .

Халық арасында аударма сөздері мен сөз тіркестерінің кең таралуына әсер ететін факторлардың бірі ретінде бұқаралық ақпарат құралдарын мысалға келтіруге болады. Олардың ішінде мерзімді басылымдардың маңызы зор. “Ғаламтор” (интернет), “пернетақта” (клавиатура), “тышқан” (мышка), “ұялы»” (мобильді) сөздері мерзімді басылымдар мен телеарналардан жиі естіліп, қолданысқа енгізілді, сондықтан олар ел арасындағы қолданысқа тез түсті. [1]

Ғылыми-техникалық мәтіндерді аудару кезінде туындайтын проблемалар

Ғылыми-техникалық әдебиеттерді аудару кезінде аудармашы кездестіруі мүмкін қиындықтарға назар аудару өте маңызды. Аудармашы и. Д. Люткинде туындауы мүмкін барлық қиындықтар

[2] екі үлкен топқа бөлінеді: бір — бірімен тығыз байланысты лингвистикалық және ұйымдастырушылық-құқықтық. Лингвистикалық

қиындықтар нақты байланысты бірқатар маңызды мәселелерді қамту:

1. Аударманың барабарлығына қол жеткізу.
2. Бірдей ұғымдарды білдіру кезінде екі тілдің тілдік құралдарындағы сәйкессіздік.
3. Аудармашы әртүрлі тақырыптардағы материалдармен жақсы таныс болуы қажет.

Ғылыми-техникалық аударманы орындаудағы кейбір қиындықтар

«Жас ғалым» журналында, «Филология» бөлімінде мәтіндерге назар аударылған. Ғылыми тілде технологияның қарқынды дамуына байланысты үнемі жаңа терминдер пайда болады. Басқаша айтқанда, неологизмдер. Осыған сүйене отырып, біз аудармашы сөздік қорын тек ана тілінде ғана емес, аударма тілінде де толықтыруға міндетті деп қорытынды жасай аламыз. Сонымен қатар,удармашы өзі жұмыс істейтін салаға қызығушылық танытуы керек, сөздіктердің, анықтамалықтардың, арнайы сөздіктердің барлық түрлерін қолдануы керек

«Ғылыми-техникалық мәтіндерді аударудың ерекшеліктері» атты мақаласында «ABC-Translations» компаниялар тобының Президенті елин Павел Александрович үш негізгі ойды анықтайды ғылыми сипаттағы мәтіндерді аударуда қиындықтар туғызу [3.11-13]:

1.Ең басты қиындықтардын бірі тек лингвистикалық білімнің болуы , бірақ техникалық білімнің болмауы. Барлығы арнайы терминологияның арқасында, яғни егер аудармашы тілді біліп бірақ техникалық құзыреттілікке ие болмаса ондла нақты аударма шығу мүмкін емес.Және керісінше тілді дұрыс білмесе,бірақ техникалық тұрғысынан білімі жеткілікті болса,ол да дұрыс аудармаға әкелмейді.

2. Ғылымның белгілі бір саласына тән терминдердің аудармасы

Автор экология саласынан керемет мысал келтіреді, онда аудармашы осы салада қажетті білімі жоқ және «indicator « сөзіне тап болған кезде оны ағылшын тілінен индикатор ретінде қате аударуы мүмкін. Керісінше, бұл аударма қате емес , бірақ қоршаған ортаға тікелей қатысты spike, guide сияқты сөздер жағдайда қолдану ең дұрыс тәсілі.

3. Ғылыми-техникалық әдебиет пен құжаттама аудармашыларының мойнына жүктелген зор жауапкершілік. Және бұл таңқаларлық жағдай емес. Мысалы жаңа компьютердің нұсқаулығын ағылшын тілінен қазақ тіліне аударған кезде аудармашы қателік жіберсе бұл компания үшін үлкен зардап тигізеді Сонымен қатар, компанияларға осы салада білімі аз аудармашыны жалдау тиімді емес,себебі ол компанияның беделіне үлкен зардап тигізеді. Ғылыми-техникалық мәтіндердің ең маңызды ерекшелігі-аудармашыдан белгілі бір саланың терминдерін білуді талап ететін нақты терминологияның болуы.

4. Сонымен қатар қазіргі таңда дипломдық жұмысты жазу барысында біз арнайы терминдерге арналған қазақша сөздік немесе құрал жоқтығын байқадық,сол себепті аударма жасау барысында қиындықтарды кездестістірдік.

Ғылыми-техникалық аударманың кейбір жалпы ерекшеліктерін қарастыра отырып айта кету керегі ғылыми-техникалық мәтіндердің ең маңызды ерекшелігі, аудармашыдан белгілі бір саланың терминдерін білуді талап ететін нақты терминологияның болуы.

IT-терминологияны ағылшын тілінен қазақ тіліне аудару кезіндегі аударма стратегиялары

Терминологияны, оның ішінде техникалық мәтіндердің терминологиясын аудару мәселелеріне арналған әдебиеттер әртүрлі және кең. Әдетте, зерттеушілердің көпшілігі осы типтегі мәтіндерді аудару кезінде терминологияны аударудың маңызы зор екенін мойындайды. Сонымен, кейбір зерттеушілердің пікірінше, техникалық мәтінді аудару терминдерді барабар аудармай өз мақсатын орындай алмайды [4, 40]. Осыған байланысты Ақпараттық технологиялар саласындағы қазіргі терминологияны ағылшын тілінен қазақ тіліне аударғанда қолданылатын ең кең таралған және тиісті аудармаға ықпал ететін аударма стратегияларын бөліп көрсету орынды болып көрінеді. Сонымен қатар, осы саладағы көптеген терминдер халықаралық сипатқа ие және көбінесе аударманы қажет етпейтінін тағы бір рет атап өткен жөн.

Осы саладағы теориялық негіздер, соның ішінде Д.с. Лотте , шет тіліндегі техникалық терминологияны аударудың жалпы принциптерін атап өтті. Д. с. Лоттенің айтуынша, шетелдік терминнің нысанын тек төтенше жағдайда ғана есептеу және көшіру керек - мысалы, шетелдік термин: 1) белгілі бір қатарға жататын басқа ұғымдармен қоршалған көрсетілген Тұжырымдаманың белгілерін дұрыс көрсетеді; 2) қарызға алынған тілге жат емес бейнеге ие. Ол аудармашыларды өздерінің шығармашылық қабілеттерін тілдегі элементтерді қолдана отырып, терминдердің өзіндік құрылысы үшін пайдалануға шақырады [5, 63].

В. М. Лейчик ұсынған терминдерді барабар аудармай мүмкін емес техникалық мәтінді барабар аудару идеясына қайта оралсақ, зерттеуші терминдерді барабар аударудың үш шартын атап өту маңызды болып көрінеді, біздің ойымызша, қазіргі IT-терминологияны аударуға қатысты бүгінгі күнге дейін өзекті:

24) түпнұсқа тіліндегі (ТТ) және аударма тіліндегі (АТ)терминдердің мағыналарының әртүрлі көлемдері кезінде жиі қиындайтын бір мәтіннің жеке алынған терминдерінің дұрыс (барабар) аудармасы;

25) әрбір аударылатын терминді ТТ мен АТ - да пайда болатын терминдік жүйелер тұрғысынан тексеру, оны терминдік жүйемен салыстыру. В. М. Лейчиктің айтуынша, бұл шарт біршама утопиялық және толық көлемде орындалмайды, мысалы, ТТ мен АТ -да бір білім саласына арналған әртүрлі терминдік жүйелердің болуы, бір немесе екі тілде қалыптасқан терминдік жүйенің болмауы және т. б.;

26) ойдың қандай да бір тілде берілу ерекшелігімен айқындалатын терминдер айырмашылығын есепке алу [6,43]

Сәл өзгеше тәсілді с. Гринев-Гриневич таңдайды. Оның пікірінше, аударма стратегиясын таңдағанда, аудармашы ең алдымен аударма тіліне және оның аударылған терминге баламасының болуына немесе болмауына назар аударуы керек. Бірінші жағдайда, бір терминнің бірнеше баламаларының тілде қатар өмір сүруі аудармашының міндетін едәуір қиындатуы мүмкін, өйткені сөздіктердің сапасы мен баламалардың алуан түрлілігіне байланысты ең қолайлы баламаны таңдау қиынға соғады. Терминнің баламалары болмаған кезде бірдей жағдайлар үшін, Б. Гринев-Гриневич аудармашыға төрт стратегияны ұсынады: 1) терминді қысқаша түсіндіруді ұсына отырып, транслитерация немесе транскрипция арқылы қарызға алу; 2) семантикалық бақылау қағазы (егер термин тілге семантикалық аудару арқылы келсе); 3) құрылымдық бақылау қағазы немесе сөзбе-сөз аударма; 4) сипаттамалық аударма (шмысалы. batch processing-пакеттік деректерді өңдеу режимі) [7, 77].

П.Ньюмарк есептеуі бойынша: Ең қарапайым және көп қолданылатын әдістерді бөліп көрсеткен: нақты аударма, ,сөзбе сөз, логикалық, мағыналық, және коммуникативтік аударма.

Компьютерлік лексиканы аудару кезін- де қолданылатын әдістер әр түрлі және ол аударылатын сөз үйлесіміне байланысты таңдалынады. [8, 81].

Лексикалық трансформация әдісті аудару әдістерінің ең қысқа да ыңғайлы аудару жолы түсінік беру арқылы жүзеге асады. Бұл дегеніміз, ағылшын сөздерін қазақ тіліндегі сәйкес келетін эквиваленттерімен беру.Компьютерлік лексиканы аудару барысында жиі қолданылатын әдістер ах емес . Мысалы: internet - ғаламтор; apply - қолдану; mouse – тінтуір, childmenu- қаптал мәзір, document – құжат.

Техникалық әдебиеттерді аударма түрінде аудару аударылған мазмұнның табиғатын, негіздері мен мәнін түсінуден басталады. Оның ішінде осы тәсіл саласында да. Техникалық әдеби аударма аударма түрінде болады, ол аударылған мәтіннің табиғатын, негіздері мен мәнін түсінуден басталып, тағайындалған жерде аяқталады.

Атап айтқанда, осы салада стандартты терминологияны қолданудың арнайы индикаторы әзірленуде және бекітілуде ме? Қазақ тілінде сипаттамалық аударма сөздің аналогы болмаған кезде ғана қолданылады. Осы мамандандырудың мазмұнын түсінуді бастамас бұрын, бастапқы мәтіндерді мұқият оқып шығу керек. Сондай-ақ, бір салада жұмыс істеу және тәжірибе жинау қажет. Осы мамандандыру туралы ақпаратты игеру үшін аударманы бастамас бұрын негізгі үзінділерді мұқият оқып шығу керек. Осыған байланысты осы салада жұмыс істеу және тәжірибе жинау пайдалы. Сонымен қатар, осы саладағы тәжірибелі маман кәсіпқойдан жақсы Нұсқаулық. Аударманың өзіне қойылатын талаптарға келетін болсақ, олар ойларды ұсынудың дәлдігімен және мақұлданған тілді қолданумен ғана емес, сонымен қатар мәтін түсініксіздік пен түсініксіздіктен босатылуы керек екендігімен ерекшеленеді. Ауыстыру кезінде машиналар, құралдар және өндірістік технологиялар визуалды болуы керек. Ол барлық ағылшын, американдық және ресейлік өлшемдер үшін метрикалық эквивалент ретінде анықталуы керек. Терминдегі мағынаның түсініксіздігін жою үшін контекстік қызметті пайдалану керек.

Терминдерді қазақ тіліне аударудың 4 тәсілін қарастырайық:

1. Калька әдісі
2. Транскрипция/ транслитерация
3. Баламасыз сөздер
4. Сиппаиамалық аударма

Кальканың көмегімен аударуға болады .Бірақ семантикалық жағынан басты назарда болуы

керек. Сөздердің санын сақтау міндет емес.Кейбір сөздерді есептеу арқылы аударуға болатынына қарамастан, сіз аударма тіліндегі сөздің әлеуетіне қарап, қолданбалы практикалық факторға сүйене отырып, басқа балама ала аласыз.

Көпұлтты таратқыштарды аудару үшін бүкіл әлемде кеңінен қолданылатын транскрипци транслитерация әдісі қолданылады. бұл аударма тілінің әріптерін қолдана отырып, оның формасын қалпына келтіру арқылы түпнұсқаның лексикалық бірлігін аудару тәсілдері. Жалпы терминология саласында көптеген елдерде лингвистер мен аудармашылар арасында халықаралық терминдер үшін осы тәсіл көп қолданылуда. Себебі қай елдің азаматы болмасын, бұл сөздер жиынтығын аударуды қажет етпейтін жалпы, түсінікті әдіс. Терминдердің ажырамас бөлігі ретінде қабылданатын-халықаралық лексика. Бұл әлемнің әртүрлі тілдерінде бір мағынада қолданылатын, бірақ фонетикалық, морфологиялық тұрғыдан сол терминді қабылдаған тілдің нормасымен анықталған сөздер.

Ағылшын сөзін толықтай аудармау. Әдетте аударылмайтын компаниялардың және бағдарламалық өнімдердің атаулары. Мысалы: Microsoft, Nvidia, Windows, Apple. Әлемге әйгілі компания Apple тек компьютерлік жаргон да атауы Apple болып қала береді.»Windows» түсінігі (ағылш. Windows-Операциялық жүйе) пайдаланылады, ал қарапайым диалогта терезе мағынасында қолданылып ,өнімнің атауы ретінде қолданыла алмайды . Bluetooth- сымсыз байланыс стандарты, оны қазақ тіліне тікелей аударсақ «көк тіс» ретінде аударылады бірақ IT терминология және күнделікті қолданыста Bluetooth болып қала береді.

Сиппатамалық аударма- аударылған тілде баламалардың болмауына байланысты тілдік бірлікті берудің басқа мүмкіндігі болмаған жағдайларда қолданылатын аударма әдісі. [9].

Талдау барысында транслитерация, транскрипция , сипаттамалық аударма, баламасыз сөздер, калька әдістері шет тіліндегі компьютерлік терминдерді түсіндіру үшін қолданылатыны анықталды. Алайда, аудармашылар стандарттау және оның процесін жеңілдету үшін алгоритмдерді жетілдіру бойынша үнемі жұмыс істеуде. Жоғарыда аталған әдістердің қайсысы таңдалмаса да, аудармашының басты міндеті-терминнің пәндік мағынасын барабар жеткізу,ол бір мәнді және номинативті болуы керек. Бір тілден екінші тілге аудару дағдыларын жетілдіру ұзақ және тілді меңгерудің шексіз процесімен қатар жүретін процесс. Кемелділікке шек жоқ. Әрине, бір нәрсе: аударманың ең қызықты шығармашылық жұмысына жұмсалған уақыт мөлшері және бұл жұмыстың көлемі аударма сапасына ауысады.

ӘДЕБИЕТ

1. Бекбулатов Т.Р., Утельбаева Н.М. Особенности перевода терминов в сфере информационных технологий. Вестник Казахстанско-Британского технического университета. 2019;

2. Научно-технический перевод с русского языка на английский, Методическое пособие, Люткин И.Д., 1991.

3. Елин П.А. Особенности перевода научно-технических текстов /П. А. Елин. – 2015.

4. Станиславский, А. Технический перевод и коммуникация в международных инфраструктурных проектах [Текст] // Филология и литературоведение. — 2014.

5. Лотте Д.С. Вопросы заимствования и упорядочения иноязычных терминов и терминоэлементов [Текст] / Д.С. Лотте. — М.: Наука, 1982.

6. Лейчик, В.М. Лингвистические проблемы терминологии и научно-технический перевод. Часть II. [Текст] / В.М. Лейчик. — М.: ВЦП, 1990.

7.Гринев-Гриневич, С. О терминологических аспектах научно-технического перевода [Текст] // Вестник МГОУ. Серия: Лингвистика. — 2011

8. Newmark, P. (1988). A textbook of translation . London: Prentice Hall International.

9. Аударманың өзекті мәселелері // Құраст: С.Құлманов. – Алматы: «Palitra-Press» - 2015

УДК 81-26

Iskakova D.I.,
Student of Translation studies of Ablai khan
KazUIRandWL, Almaty, Kazakhstan
e-mail: dilnaz.iskakova.2001@gmail.com

FEATURES OF TRANSLATION TECHNICAL TEXTS ON AVIATION THEMATIC FROM ENGLISH INTO RUSSIAN

The article is concerned with the basic principles and features of the translation of aviation technical texts and terminology, as well as methods of word formation using examples of highly-specialized aviation technical words.

Keywords: translation of aviation technical texts, translation of aviation terminology, methods of word formation in aviation sphere.

Искакова Д.И.,
студент КазУМОиМЯ имени Абылай хана
Специальность «5В020700 - Переводческое дело»
Алматы, Казахстан, e-mail: dilnaz.iskakova.2001@gmail.com

ОСОБЕННОСТИ ПЕРЕВОДА ТЕХНИЧЕСКИХ ТЕКСТОВ АВИАЦИОННОЙ ТЕМАТИКИ С АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА НА РУССКИЙ

В статье рассматриваются основные принципы и особенности перевода авиационных технических текстов и терминологии, а также методы словообразования на примерах узкоспециальных авиационных технических слов.

Ключевые слова: перевод авиационных технических текстов, перевод авиационной терминологии, методы словообразования авиационных слов.

Технический перевод – это перевод текстов, содержащих новейшую информацию о научных и технических достижениях. Переводчики технической литературы переводят тексты, которые написаны специалистами и учеными в определенных сферах. Таким образом, данные тексты требуют правильного грамотного перевода и своего скорейшего осмысления [1, 8].

Главной особенностью технических текстов является их информативный и логичный характер. Исходя из этого, существуют такие общие особенности технических текстов, как последовательность информации, точность смысла (вместо двусмысленности, что часто встречается в художественных текстах), глубина информации, объективность и наиболее частое - отсутствие каких-либо эмоций в тексте.

Технические тексты имеют множество различных направлений, одними из них являются авиационные технические тексты. Перевод играет огромную роль в развитии авиации. Технический авиационный стиль в русском языке включает в себя четкость определений и строгую ясность и последовательность изложения.

«При переводе английского текста, переводчик должен полно и точно передать мысль автора, облекая ее в форму, присущую русскому научно-техническому стилю, и при этом не перенося в русский текст специфических черт английского авиационного подлинника» [2, 10].

Основные примеры различий русского технического текста и английского, на примерах предложений авиационной тематики:

1) Русскоязычным техническим текстам свойственны безличные обороты в предложениях. В англоязычных технических текстах используются чаще всего – личные формы глагола, например:

a. «**We know** the stability is very necessary in aircraft designing» - «**Известно**, что при авиационном проектировании важна устойчивость»;

b. «**You might ask** why designers have often chosen to use composite materials» - «**Можно спросить**, почему конструкторы часто выбирают композитные материалы»;

2) В английских авиационно-технических текстах особенно часто встречаются пассивные обороты. В русском языке страдательный залог употребляется намного реже, например: «This question **was discussed** at the conference» (passive voice) - «На конференции **обсуждали** данный вопрос» (active voice);

3) В английских технических текстах описательного характера, часто употребляется будущее время для описания настоящего времени. В этом случае, нам необходимо переводить данные предложения на русский язык – в настоящем времени, к примеру:

a. «Picture five gives a drawing of an engine, the screw **will be seen** (будущее время) on the left» - «На рисунке пять изображен двигатель, винт **виден** (настоящее время) с левой стороны»;

b. «The composite materials **will reduce** (будущее время) weight by 70%» - «Композиционные материалы **уменьшают** (настоящее время) вес конструкции на 70%»;

4) Также, в английских текстах могут содержаться слова, которые чужды русскому языку, при дословном переводе. Для этого необходимо заменять данные слова с английского языка на более подходящие по смыслу и при этом привычные для русского языка. К примеру: «We have learned to manufacture **dozens** of composite materials to substitute iron to reweight» - «Мы научились производить **десятки** (вместо слова дюжины) композитных материалов, заменяющих железо, для того, чтобы уменьшить вес» [2, 10].

Исходя из вышеречисленных примеров, можно сделать вывод, что при переводе необходимо прибегать к замене англоязычных конструкций - подходящими средствами выражения, свойственными русскому языку.

Основной чертой авиационного технического стиля в английском языке остается – краткость выражения. Это подтверждается большим количеством сокращений, к которым относятся:

1. Буквенные сокращения:

a) TWY (taxi-way)– точка взлета;
b) L (left) –левая взлётно-посадочная полоса;
c) d.c. (direct current) – постоянный ток;
d) ULD (unit-load-device)– средство пакетирования груза;
e) s.a. (sectional area) – площадь сечения;
f) VFR (visual-flight-rules)– правила визуальных полетов;
g) U/S (un-serviceable) – не пригодный к эксплуатации.

2. Слоговые сокращения:

a) touchpad (touch-down-pad) – взлетно-посадочная площадка;
b) helipad (helicopter-landing-pad)– вертолетная площадка;
c) racon (RAdar beacon) – радиолокационный маяк.

3. Усечённые единицы:

a) afld (airfield) – аэродром;
b) wtspt (waterspout) – водяной смерч.

4. Сокращения, образованные путем стяжения:

a) contrail= condensate+trail– конденсационный след;
b) seaplane= sea+plane – гидросамолет;
c) propfan = propeller + fan – пропеллер вертолета;
d) parabrake= parachute + brake – тормозной парашют;
e) navaids= navigation+aids−навигационные средства.

5. Аббревиации:

a) AEA (Association of European Airlines) – Ассоциация Европейских Авиакомпаний;
b) ACG (Air Combat Group) – Боевая Авиационная Группа;
c) APC (Armored Personnel Carrier) – Бронетраспортер;
d) BDCO (Built in Digital Circuit Observer) – Встроенный Контролёр Цифровых Схем;
e) CAM (Catapult Aircraft Merchantman) – Катапультируемый Летательный Аппарат
f) FAA (Federal Aviation Agency) – Федеральное Авиационное Агентство [3].

Все виды перечисленных сокращений в переводе должны расшифровываться и даваться полным обозначением.

«Изучение авиационной терминосистемы позволяет выявить общие закономерности, которые могут быть свойственны слово и фразо-образовательным процессам в современном английском и русском языках, и являются очень важными при переводе» [4, 83].

“Если взять за основу классическую трехуровневую модель перевода (понимание – перевод – создание нового текста), то можно выделить ряд стратегий. Они соотносимы с когнитивными

ресурсами человека, а также влияют на эффективность действий на каждом этапе переводческого процесса" [5, 263].

По словам Зыковой С.А. в описании когнитивных стратегий, упоминается, что на первом этапе переводческого процесса очень важным является так называемое «снятие первого барьера сложности». Оно достигается в момент «узнавания» слов либо текстовой модели. Знание таковых и их умелое соотнесение в двух языках позволит на этапе перевода пойти по пути воспроизведения уже знакомого пройденного материала [6, 20].

Для того, чтобы переводчику было легче понимать авиационные технические тексты еще на первом этапе восприятия, необходимо понимать перевод слов на базовом уровне. Одним из главных этапов для этого – служит понимание того, каким образом формируются слова, то есть понимание словообразования. Ниже, рассматривается образование слов на примерах технических слов, использующихся в сфере авиации. На данных примерах, выделены два основных метода словообразования: первый - словообразование с помощью префиксации, и второй – с помощью суффиксации.

Итак, префикс, является морфемой, которая стоит перед корнем, и соответственно меняет его лексическое значение. Первый префикс, который рассматривается - это префикс «Pro-». В основном, данный префикс может означать такие слова как «вперед» либо «в пользу чего-то».

Например:

1) Pro+pellant=propellant (в переводе на русский – ракетное, реактивное топливо);
2) Pro+cessing=processing (какая-либо технология, либо обработка данных);
3) Pro+pulsion=propulsion (движущая сила летательного агрегата, силовая установка);
4) Pro+jectile=projectile (неуправляемая ракета, снаряд) [7, 13].

Далее префикс «Inter-». Данный префикс имеет значение слов «между», «среди», «промежуточный», «очередный». Несколько примеров:

1) Inter+changeability=interchangeability (в переводе на русский – взаимозаменяемость частей);
2) Inter+stage=interstage (промежуточный отсек между ступенями);
3) Inter+digitated=interdigitated (расположенные одна за другой, лопатки ротора и статора осевого компрессора) [7, 12].

Префикс «Sub-» имеет значения «в меньшей степени, чем», «ниже», «до», «под».

Примеры:

1) Sub+stall=substall (в переводе на русский – докритическое, неустойчивое состояние самолета);
2) Sub+merged=submerged (размещенный внутри конструкции);
3) Sub+assembly=subassembly (подборка, узел летательного агрегата);
4) Sub+spar=subspar (вспомогательный лонжерон);
5) Sub+tenance=subtenance (средства жизнеобеспечения летательного аппарата) [7, 15].

Следующий префикс «Non-». Он является отрицательным префиксом и означает соответственно «не», «без».Например:

1) Non+similarity=nonsimilarity (в переводе на русский – аэродинамическая неавтомодельность);
2) Non+expendable=nonexpendable (неоднократного применения);
3) Non+throttleable=nonthrottleable (нерегелируемой тяги);
4) Non+ramming=nonramming (безнапорный воздухозаборник) [7, 13].

Префикс «Trans-» имеет значение слов «за пределами чего-то», «переход», «преобразование». Например:

1) Trans+sition=transition (в переводе на русский – переходный режим летательного аппарата, из ламинарного в турбулентный);
2) Trans+ducer=transducer (преобразователь, датчик);
3) Trans+quilizer=transquilizer (прибор для повышения устойчивости определенной системы);
4) Trans+form=transform (какое-либо преобразование);
5) Trans+piration=transpiration (испарение с целью охлаждения);
6) Trans+sonics=transsonics (аэродинамика околозвуковых скоростей) [7, 13].

Основным фактором во всех вышеперечисленных примерах, является то, что здесь присутствует закономерность перевода данных слов, из-за значения определенного префикса.

Вторая часть словообразования - суффиксация. Суффикс является морфемой, которая

расположена после корня в слове. Он является видом аффикса в лингвистике и служит для образования новых слов либо для образования другой формы определенного слова.

При помощи суффиксов **«-or», «-ent», «-er», «-ant»** образуются существительные из глаголов либо существительных, которые могут обозначать впоследствии какой-либо специальный агрегат, механизм, лицо. Например:

